

## **Қарасу негізгі мектебінің 2023-2024 оқу жылында 1-сыныпта жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы.**

2023-2024 оқу жылында 1-сыныпқа жетекшілік еттім және осы сыныптың оқу мен тәрбие саласы бойынша жыл бойына міндеттері мен жауапкершілігін мойныма ала отырып жұмыс жасадым. 2023-2024 оқу жылын 8 оқушымен бастадық. 3-тоқсанда үйден оқитын ерекше білімді қажет ететін 1-оқушы Аман Перизат қосылды. 1-оқушымыз көктемгі су тасқынына байланысты 4-тоқсанның басынан бастап 13-мамыр аралығында ауданда білім алып, мектепке қайта қосылды.

1-сынып оқушыларының мінезі ашық, достарымен тез тіл табыса алады, өте ақкөңіл, еңбекқор, өздеріне берілген тапсырманы жауапкершілікпен орындайды. Денсаулықтары жақсы, спортты сүйеді.

Биылғы оқу жылының ерекшелігі-«Біртұтас тәрбие бағдарламасы». Бағдарламада ұлттық құндылықтарды *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП* негізге ала отырып, ел бірегейлігін нығайтуға, әділетті қоғам құруға қабілетті білімді, адал ұрпақты тәрбиелеуді көздейді.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының мақсаты»:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

### **Міндеттері:**

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдыққа тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоцияналды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемі әр тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

### **Күтілетін нәтиже:**

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекеттәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

## Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Оқушылардың жыл бойғы сабаққа қатысу көрсеткіші: 100% денсаулығына байланысты сабақ жіберген ,себепсіз сабақтан қалған оқушылар жоқ.

Тәрбие сағаттарына тәрбие бағыттарының қамтылуы.

Бағыттар	Өтілген тәрбие сағаттары саны: 34 (1-қыркүйекті қоса алғанда)
ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ	14
АР-ҰЯТ	15
ТАЛАП	6

Өтілген тәрбие сағаттары «АР-ҰЯТ», «ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ» құндылығы бойынша оқушыларға басым бағытта тәрбие сағаттары өткізілді.

Бұл бағыттағы сынып сағаттарының оң нәтижелері ұлттық мұраға ұқыптап қарау. Қоғам игілігі үшін қызмет ету; Әдеп нормаларын ұстану, достарына, сыныптастарына ,отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; Өзін отбасының ,сыныптың ,мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезінуге ықпал етті.

Жоспарланған тәрбие сағаттарының барлығы жоспарға сай уақытылы өткізілді. Сыныпта «Мектебім мейірім мекені», «Менің Республикам», «Алғыс айту күні», «Қ.Сәтбаевтың 125 жыл», «1-мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні!» тақырыптарында тәрбие сағаттары өтілді.



Нравится alisaniazbekova и еще 29 karasunegizgimektebi Бүгінгі 1 қыркүйек Білім күні құтты болсын. Бұл қуанышты мереке күні Қарасу негізгі мектебінің табалдырығын 7 оқушы аттады. Осы мерекеге орай жаңа қадам басқан бүлдішіндерге арнап «Анвар» жеке жауапкершілік серіктестігінің директоры Т. М. Салфинов оқу құралдары мен оқушы сөмкесін сыйға тартты. «Мектебім — мейірім мекені» атты алғашқы қоңырау салтанатты лотына қамқоршылық кеңесінің мүшелері, ата-аналар, Өйыл аудандық Мемлекеттік ірістер басқармасының бастығы Б. Мойланов



Нравится alisaniazbekova и еще 14 karasunegizgimektebi Алғыс - бірудің екінші бөрте ықпалсын білдіру. Әркім алғыс алу арқылы өзінің басқалармен қарым - қатынасын, өмірдегі орын бағалай алады. Көктемнің алғашқы мерекесі Алғыс айту күніне орай барлық сыныптарда сынып сағаттары өтті. #мектебімізбенбіргеөмірдеміз.



Нравится skzh\_o18 и еще 4 karasunegizgimektebi Академик Қ.И.Сәтбаевтың 125 жылдық мерейтойына арналған 1 сыныпта "Қазақтың жарық жұлдызы - Қаныш Сәтпаев" атты сынып сағаты өтті. Мақсаты: Қаныш Сәтбаев туралы, оның еңбектері мен жетістіктері туралы түсінік беру. Сынып жетекшісі: Д.Қ.Құралова #мектебімізбенбіргеөмірдеміз.

Қосымша білім беру мамандарымен жоспарға сәйкес, білім бөлімінен келген қатынастар негізінде айлық, апталық, жылдық жұмыстар бірлесе жүргізілді. Атап айтар болсақ: **Кітапханашы Ерсарина С** ұйымдастыруымен кітап көрмелері, «оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша сыныптан тыс жұмыстар белгіленді, оқушылар түрлі әдеби көркем шығармаларды оқып, танысты.

**Әлеуметтік педагог Асанғалиева М** бірге қамқорлық акциялары, кездесулер, ата-аналармен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

**Психолог Қалиева Ф** бірге психологиялық тренингтер ұйымдастырылды.



Аталған мамандардың жоспарына сай жүргізілген жұмыстар сынып оқушылары белсенділікпен қатысты. Ата-аналар тренинг жұмыстарына ұйымшылдықпен қатысты.

### АТА-АНАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТАР:

2023-2024 оқу жылында мектебімізде ата-аналарды білім беру ұйымдарында педагогикалық қолдау орталығы ашылды.

**Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты:** балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымыдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Ата-аналармен жылдық жоспары бекітіліп, ата-аналар жиналысы отырысының хаттамалары жасалды. Тоқсан сайын жоспарға сәйкес жиналыстар өткізілді. Ата-аналардың қатысымы жақсы.

Ата-аналар мектептегі сыныптан тыс жұмыстарға белсене қатысады. Атап айтар болсақ: «Екі жұлдыз» ән байқауында Ерланқызы Зәружан анасымен қатысып жүлделі ІІ-орын алды. 1-сынып оқушылары бірге «ана-біздің гүліміз» атты мерекелік шараға қатысып өз белсенділіктерін көрсетті.



**Ата-аналарды қолдау орталығының «Отбасы-бақыт бесігі»,«Баланың тапқырлығы мен эрудициясын қалай дамытуға болады?» тақырыбында 1-4 сынып ата-аналары арасында кезекті сабақ өтілді.**



Нравится akzh\_o18 и ещё 14  
karasunegizgimektebi Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының 1-4 сынып оқушылары ата-аналарына арналған «Баланың тапқырлығы мен эрудициясын қалай дамытуға болады?» тақырыбында сабақ өтті. Өткізген: Тсынып жетекшісі Д. К. Құралова



Нравится akzh\_o18 и ещё 14  
karasunegizgimektebi Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының 1-4 сынып оқушылары ата-аналарына арналған «Баланың тапқырлығы мен эрудициясын қалай дамытуға болады?» тақырыбында сабақ өтті. Өткізген:



Нравится k4ball\_ и ещё 8  
karasunegizgimektebi Қарасу негізгі мектебінде «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмысының жоспары аясында «Отбасы-бақыт бесігі» тақырыбында сабақ өтті. Өткізген: 1

**Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарының сабақтары балаларды тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналық міндеттерді орындауды жеңілдетуге, ата-аналар мен балалардың нақты өмірде кездесетін мәселелерін шешуге ықпал етеді.**

**Қорытынды:** *Осы оқу жылы қорытындысы бойынша қол жеткен оң нәтижелер.*

Тәрбие жұмысында қолданылған жұмыс формалары мен түрлері, әдіс-тәсілдер, жеке, топтық және барлық ұжыммен атқарылатын тәрбиелік шаралар оң нәтиже берді. Атқарылған жұмыстар сыныптағы әрбір жеке тұлғаның ғылыми дүние танымының қалыптасуына, адамгершілік қасиеттерінің, еңбекке деген сүйіспеншілігінің қалыптасуына және жан-жақты жарасымды дамуына жағдай туғызып, Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға бағытталды.

**Алдағы оқу жылында жақсарту керек тұстар.**

- Білім беру ұйымдары, отбасы ішінде әкелер мектебі мен әжелер мектебі әлеуметтік институттардың күшін біріктіру.
- Сайыстарға қатысу арқылы жүлделі орындарға шығуды қолға алу көзделеді.

**Сынып жетекшісі:**

Құралова Динара Құралқызы